

ОҢТҮСТІКТЕ БІЛІМ КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙІП КЕЛЕДІ

«Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген нақыл сөзден халқымыздың ықылым замандардан-ақ білімнің қадірін білгендігін аңғару қиын емес. Бұл күнде осы аталы сөздің өзектілігі артпаса, кеміген жоқ. Еліміздің өркениетті алпауыт мемлекеттерден қалыспай, тең қадам басуы үшін болашақтың тұтқасын ұстар білімді ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің міндеті. Жан-жақты дамыған білімді, елжанды, еңбекқор, өзінің атқарған ісіне жауапкершілікпен қарауды азаматтық парызы санайтын ұрпақ тәрбиелеу білім беру саласына жүктеліп отыр. Бұл үшін мемлекет тарапынан барлық жағдай да жасалуда. Оңтүстік Қазақстан облысы да осы мүдде биігінен көрінуде.

Білім саласы қай елдің болмасын келешегі, оның өркендеп өсуі мемлекет қауіпсіздігінің түпқазығы екендігі белгілі. «Ел болам десең, бесігіңді түзе!» дегендей, бала тәрбиесі бесіктен басталатыны анық. 2015 жылы облыс бойынша 1-6 жастағы 164797 баланы қамтитын 1524 мектепке дейінгі ұйымдар жұмыс істеп, 3-6 жастағы балаларды қамту 80,5 % құрады, яғни межеленген жо-



спар 2,8%-ға артығымен орындалды.

Жас ұрпақты бәсекеге қабілетті етіп дамыту үшін білім саласының ішкі нәтижелері үлкен рөл атқарады. Осы орайда ҰБТ көрсеткіштерін арттырудың маңызы зор. Былтыр ҰБТ-ға мектеп бітірушілердің 18112-сі немесе 70 пайызы қатысты. Облыстың орта балы өткен жылғыдан 4,2 балға көтеріліп, орташа көрсеткіш 78,8 балды құрады. Республикадағы ең жоғарғы 125 балды жинаған бес бітірушінің біреуі – біздің облыстың түлегі.

«Алтын белгіге» 609 түлек ие болып, өткен жылмен салыстырғанда үздіктер саны 173-ге артты. Бұл республикадағы «Алтын белгі» иегерлерінің 30%-ын құрады.

Сан ғасырлар бойы ата-бабаларымыздың арманы, бүгінгі ұрпақтың ақиқаты болған тәуелсіздігімізді, елдігімізді сақтап, дамыған 30 елдің қатарына қосылу – Мәңгілік ел болудың алғы шарты. Келешек ұрпақтың жарқын болашағы үшін әрқайсысымыз ортақ құндылықтарға өз үлесімізді қосуымыз керек. Бұл ретте жастарға жан-жақты білім беру біздің мүдделерімізге, қоғамдағы ілгерлеушіліктерге даңғыл жол ашады. Сауатты ұрпақ – сындарлы сәттерден өткізетін алтын көпір.

Мемлекеттік бағдарламаға сәйкес мектеп оқушыларын жергілікті бюджеттен жыл сайын тегін оқулықтармен және оқу-әдістемелік құралдармен 100 пайыз қамтамасыз етіліп келеді.

Алдына мақсат қоя білетін, ертеңіне сеніммен қарайтын, діні

мен діліне берік, жастары алғыр, рухы биік, жақсылыққа жаны құштар халық қана Мәңгілік ел болып қала алады. Бүгінгі қазақ елінің басты мақсаты – экономикасы мығым, әлеуеті жоғары ел болу. Осы мақсат жолында біздің өңіріміз де биік мекелерден көрінуге күш салуда.

Жалпы білім беретін пәндерден өткізілген олимпиадада біздің облыс шәкірттері тұңғыш рет жаратылыстану-математика бағыты бойынша 2-орынды және қоғамдық-гуманитарлық бағытында жүлделі 3-орынды иеленді.

Қазақстандық «Бастау» математикалық турнирінде қазақ тобы I-орынды, орыс тобы III-орынға қол жеткізді. «Жарқын болашақ» республикалық «KATEV» қазақ тілі олимпиадасында қатарынан үш жыл бойында I-орындарды ешкімге бермей келеміз. 1-7 сыныптар арасында өткізілген «Зерде» 10-шы Республикалық конкурсында тұңғыш рет I-орынды жеңіп алдық. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша Президенттік олимпиадада екі оқушы 2-орындарды, Халықаралық Жәутіков олимпиадасында екі оқушы 3-орынды иеленді.

Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру – білім саласының жақсаруының бірден бір кепілі. Осы мақсатта облыс педагогтарының 11615-інің біліктілігін арттыру курстарынан өтуі жоспарланып, олардың 2910-ы деңгейлік курстардан, 8705-і қысқа мерзімді курстардан өтіп, жоспар толығымен орындалды.

Бұл өз кезегінде білім сапасына оң әсерін тигізери сөзсіз. Сонымен қатар біліктілік курстарынан өткен педагогтардың санаты дабір сатыға жоғарылайтын болады.

Облыста бала тәрбиесіне, мүмкіндігі шектеулі және мүгедек балалардың білім алуына да ерекше назар аударылады. Олардың бос уақытын ұйымдастыру арқылы жан-



жақты тұлға етіп дамыту мақсатында бірқатар шаралар қолға алынған. Облыста 18 жасқа дейінгі мүмкіндігі шектеулі бала саны – 37085. Олардың 34651-іне денсаулығына байланыты 72 арнайы білім ұйымдары мемлекеттік қызмет көрсетеді. Оның ішінде: арнайы (коррекциялық) мектеп-интернаттар – 12, арнайы балабақша – 5, психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру мекемесі (ПМПК) – 2, оңалту орталығы – 1, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері (ППТК) – 16, логобекеттер – 36.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың мүддесін қорғау мақсатында, яғни қолайлы жағдай туғызу үшін облыстағы білім беру ұйымдарына 2015 жылы жергілікті бюджеттен

2 млрд. 185 млн. 496 мың теңге қаралса, республикалық бюджеттен 104 мил. 041 мың теңге бөлінді.

Мүмкіндігі шектеулі балалар арасында өткен «Жұлдызай» республикалық фестивалінде балаларымыз бірінші орынды жеңіп ал облыс мерейін өсірді.

Облыстық білім басқармасы өңірдің барлық деңгейлі білім беру ұйымдарында кәмететке толмаған жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу мен оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін және орын алған келеңсіз жағдайлар жөнінде жедел ақпарат алу мақсатында WhatsApp (+7 707 530 06 01) жүйесін іске қосты.

Облыстық білім беру тарапынан



WhatsApp жүйесіне түскен хабарламалар қадағаланып, тиісті жұмыстар жүргізіледі.

Елбасы білім сапасын арттыру үшін ең алдымен үш ауысыммен оқытатын мектептерді жою қажеттігін айтқан болатын.

Биыл облыста 22,3 миллиард теңгенің 61 білім нысанының құрылысын жүргізу жоспарланған, нәтижесінде 11 апатты, 11 үш ауысымды мектеп мәселесі шешілмек.

Елбасының бес институционалды реформасын іске асыру жөніндегі «100 нақты қадам» бағдарламасының 77-қадамында ел экономикасының алты негізгі саласына заманауи жаңа технологияларды меңгерген жоғары білікті мамандар даярлау үшін 10 университет, 10 колледж анықталған болатын. Соның бірі болып Шымкент аграрлық колледжі айқындалып, «Кәсіпкер Холдинг» АҚ арасында келісім-шарт жасалып, ауыл шаруашылығы мамандары даярлау үшін әлемдік стандарттарға сай интеграцияланған оқу бағдарламасы жасалған.

Облыстағы 90 колледжде 97 мамандық бойынша 70905 оқушы білім алса (оның ішінде 42 мемлекеттік колледжде 35634 оқушы, 48 жекеменшік колледжде 35271 оқушы), соның ішінде мемлекеттік тапсырыспен оқытыны 27436, яғни 38,7 %-ды құрайды.

Сонымен қатар, облыста жұмысшы мамандарын даярлайтын 25 колледжде 12559 студент білім алса, орта буын мамандарын дайындайтын 65 колледжде 58346 студент білім алуда.

Барлық жалпы білім беретін мектептер компьютерлендірілген және әрбір үшіншісін кеңжолақты ғаламтор желісіне қосылған. Ол аумақтық сектеулерден құтқарып, оқытудың алуан түрлі әдіс-тәсілдері мен жоғары сапалы білімдік материалға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Жалпы білім беретін мектептердің материалдық-техникалық базалары нығайтылуда.

Осының барлығы Тұңғыш



Президентіміз – Елбасы тапсырмасымен жүзеге асып жатқан игі шаралар. Қазақстанды әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосу міндеті тұрған шақта білім беру жүйесін жетілдірудің маңызы зор. Өйткені, біз болашақтың иелері болатын білімді ұрпақты тәрбиелеп жатырмыз.

**КУЛАЖАНОВ
Қуандық Садыбекұлы
ОҚО білім басқармасының басшысы**

Анықтама:

Облыста 985 балабақша (351-мемлекеттік, 634-жекеменшік) 539 шағын орталық (442-мемлекеттік, 97-жекеменшік) жұмыс істейді.

2014 жылмен салыстырғанда (2014 ж. – 1416 мектепке дейінгі ұйым, 1-6 жастағы бала – 152515, 3-6 жастағы қамтылған бала-146450, қамту 76,8%) мектепке дейінгі ұйым 108 бірлікке, 1-6 жастағы бала 32282-ге, 3-6 жастағы бала 9603-ке артып артып, 3-6 жастағы балаларды қамту **3,7%-ға артты.**

96 бала халықаралық олимпиада мен ғылыми жобалар жарыстарының жеңімпаздары ретінде ҰБТ тапсырудан босатылды. Өткен жылғыдан 28-ге артық.

Республикада анықталған ҰБТ нәтижесі бойынша **ең үздік 100 мектептің қатарында облысымыздың 25 мектебі енген.**

2012 жылдан бастап облыс әкімінің тапсырмасымен облыстық бюджеттен, қаржы бөлініп, **саңырау балаларға кәсіптік білім беру қолға алынды, қазіргі таңда барлығы – 124 бала программист және дизайнер мамандықтары бойынша білім алуда, бітірушілердің 81,3%-ын құрайды.**

Облыста 2939 жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар болса, олардың қорғаншылық және қамқоршылыққа берілгені – 2276, патронаттық тәрбиеде – 241, білім ұйымдарында – 359, денсаулық сақтау ұйымында – 14, әлеуметтік қорғау ұйымдарында – 49.

Жалпы облыс бойынша 5 балалар үйі, 1 – жасөспірімдер үйі (121 жасөспірім) және 1-кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы (34 бала) қызмет атқарады.

АННОТАЦИЯ

В статье начальник управления образования ЮКО Куандық Садыбекович Кулажанов рассказывает о проделанной за прошлый год работе в сфере образования региона. Прошедший год был успешным и плодотворным для сферы образования ЮКО. В будущем году предстоит решение проблем трехсменных школ. Об этом и других планах излагается в статье.